

ЖОЛДАУҒА

ҚОЛДАУ БІЛДІРЕМІЗ!



Бейбіт НАСИЕВ,
Жәңгір хан атындағы
БҚАТУ профессоры,
а.ш.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «Ветеринария және агротехнология» институтындағы «Агрономия» оқу бағдарламасы отырысында профессор-оқытушылар арасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы талқыланды.

мыздан таймаймыз, бүгін біз алға қойған жоспарымызды пысықтап, мақсаттарымызды айқындаймыз, – деп баса айтты. Сонымен қатар маңызды құжатта Қазақстан халқын әлеуметтік бағытта қолдайтын басқа да маңызды шаралар сөзге тиек етілді.

“

«Біз аграрлық мамандар даярлайтын жоғары оқу орнында ұстаздық етіп жүргендіктен, Жолдаудағы агроөнеркәсіп кешеніне қатысты жоспарларға қызығушылық таныттық. Агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тарту – өте маңызды міндет.»

”

Біз аграрлық мамандар даярлайтын жоғары оқу орнында ұстаздық етіп жүргендіктен, Жолдаудағы агроөнеркәсіп кешеніне қатысты жоспарларға қызығушылық таныттық. Агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тарту – өте маңызды міндет. Тасқын судан болған қиыншылықтарға қарамастан, егін егу жұмысын дер кезінде аяқтаған диқандарға үлкен ризашылығын білдірген Президент биыл егіс науқанына екі есе көп қаражат қарастырылғанын, алайда агроөнеркәсіпке бөлінетін бүкіл ақшаның 70 пайызы – мемлекет қаржысы екендігін айтып, бұл салаға коммерциялық банктардың қаражатын да тарту қажеттігін тапсырды. Соңғы жылдары диқандарға өсімі аз несие беру үшін мемлекеттік қаржы институттары субсидиялау шаралары қолға алынды. Сондықтан банктерге қатысты осындай

тәжірибені қолдану керектігін баса айтты. Бұл шара шаруаларды айналымға қажетті қаражатпен шұғыл қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық қатерін азайтуға және несие алуды оңтайландыруға жол ашады. Сондай-ақ агроөнеркәсіп кешеніне қатысты тікелей субсидиялау, бөлінген қаражаттың бәрін тиімді жұмсау бағытындағы жұмыстарды құзыретті органдарға міндеттеді.

Жер – ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартудың басты кепілі. Осы бағытта жер телімдерін қайтару жөніндегі мәселеге қатысты екіұшты ұстаным болмауын еске салды.

Республикамызда ауыл тұрғындарының әл-ауқатына айрықша көңіл бөлініп келеді. Оған айғақ, былтыр басталған «Ауыл аманаты» жобасы. Президент бұл жобаға жақсы баға беріп, енді осы жоба аясында тағы бір жаңа тәсілді, яғни «тауар несие» беру мәселесін қарастыру қажеттігін алға тартты. «Агрономия» мамандығы бойынша ауыл шаруашылығына мамандар даярлауға тікелей атсалысатын оқу бағдарламасының профессор-оқытушылар құрамын әр ауданда азаматтарға түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді үйрететін орталық ашу қажет дегені қуантты. Бұл бастаманың фермерлердің ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру технологиясы бағытында кәсіби біліктіліктерін арттыратырып, жастарды аграрлық бағыттағы мамандықтарға баулу мен кәсіби бағыт – бағдар беруде алатын орны жоғары. Жоғары оқу орнының профессор-оқытушыларын Президенттің Жолдау аясында болашақта сұра-

нысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті мамандар даярлау керектігіне назар аудары қуантты. Үкімет жоғары білім саласын халықаралық білім беру кеңістігімен ықпалдастырып жатыр. Қазірдің өзінде елімізде шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орны жұмыс жүргізе бастады. Жолдауда Президент маман даярлауға берілетін мемлекеттік тапсырысты біртіндеп көбейтуді және бұл тәсілді білім бағдарламасы заман талабына сай келетін оқу орындарында қолдануды нақтылады.

Қазақстанда жоғары оқу орындарының сапасына көп көңіл бөлінеді. Осы орайда Президент үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайту және инновациялық саясатты еліміздің ғылыми-технологиялық басымдықтарымен үйлестіру қажеттігіне тоқталды. Мұндай қадам әр саладағы инновацияға серпін берері

отырған үлкен қолдау деп білеміз және Президенттің ғалымдардың шетелдегі тағылымдамасын әншейін синекураға және «академиялық туризмге» айналдырмау керектігін айтуы дұрыс бағыт деп санаймыз.

Президент Жолдауының тағы жақсы бір тұсы – 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауы. Бұл техникалық бағытта экономикаға мамандар даярлайтын университетіміз үшін басым бағытқа айналу керек деп есептейміз. Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам.

Президенттің биылғы Жолдауы халық арасында кең қолдауға ие болды. Біздің міндетіміз – қысқа уақытта аталған тапсырмаларды жүзеге асыру,

“

«Агрономия» мамандығы бойынша ауыл шаруашылығына мамандар даярлауға тікелей атсалысатын оқу бағдарламасының профессор-оқытушылар құрамын әр ауданда азаматтарға түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді үйрететін орталық ашу қажет дегені қуантты.»

”

сөзсіз. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттырады.

Соңғы жылдары Қазақстанда «Болашақ» бағдарламасы аясында профессор-оқытушылар шетелдік ЖОО-да тағылымдамадан өтіп, өз біліктіліктерін арттыруда. Бұл, әсіресе, жас ғалымдарға көрсетіліп

әсіресе аграрлық білім аясында қойылған тапсырмаларды сапалы орындау. Жарқын болашағымызды достықта, келісімде және бірлікте құрудың қажеттігін түсінетін уақыт келді. Жолдауда анықталған бағыттар ел экономикасының шарықтап дамуына және Қазақстан халқының әл-ауқатын тағы бір сатыға жоғарылатуға өз септігін тигізетініне кәміл сенімдімін.

Жалпы Президенттің әрбір Жолдауы қазақстандықтарға жаңа серпіліс беретіні сөзсіз. Сондықтан да Президенттің Жолдауын барлық саналы азаматтар тағатсыздана күтеді, ұйып тыңдайды және алдағы уақытқа жоспарланған стратегиясының басты бөлігі етіп ұстанады.

Елімізде ең алдымен Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайына көп көңіл бөлініп келеді. Осы жолы да Президент халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігі тиетін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын орнықтырудың маңызын атап өтті. Қазақстан халқы қазір мүлде жаңа саяси жағдайда өмір сүруде. Соңғы 5 жылда ауқымды реформалар жасалды. Еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Жұрттың сана-сезімінде бетбұрыс болып жатыр. Халықтың құқықтық мәдениеті артып келеді.

Азаматтардың бойында жаңа әдеттер, дағдылар қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Саяси және қоғамдық болмысымыз, менталитетіміз және мәдени кодымыз өзгере бастады. Бір сөзбен айтсақ, әділетті Қазақстан құрылып жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, халықтың қалауымен жасалып жатқанын жеткізген Қасым-Жомарт Кемелұлы: – Біз алған бетімізден қайтпаймыз, бағыты-